

Сыртқы аудитор туралы мәлімет

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 20 қаңтардағы шешіміне (№05/22 хаттама) сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (бұдан әрі – ҚМГ) 2022-2024 жылдардағы шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым болып «Эрнст энд Янг» ЖШС (бұдан әрі – Сыртқы аудитор) белгіленді.

2022-2021 жылдардағы қаржылық есептіліктің аудиті бойынша ұзақ мерзімді сатып алу жөніндегі 2022 жылғы 22 ақпандағы №172-27 шарттың (бұдан әрі – Шарт) сомасы ҚҚС-ты есепке алғанда 1 618 355 787 мың теңгені құрайды және аудиторлық қызмет көрсетумен байланысты барлық шығынды қамтиды, соның ішінде:

2022 жыл – 518 432 мың теңге,

2023 жыл – 539 178 мың теңге,

2024 жыл – 560 746 мың теңге.

Шартқа сәйкес Сыртқы аудитордың 2022-2024 жылдары көрсететін қызметтер тізбесі:

- 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде әрбір қаржы жылының 1 қаңтар мен 31 наурыз аралығындағы №34 ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған шоғырландырылған қаржы есептілігіне шолу жүргізу, сонымен қатар шолу бойынша ISRE 2410-ға сай есеп шығарылады;

- 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде әрбір қаржы жылының 1 қаңтар мен 30 маусым аралығындағы №34 ХҚЕС-ке және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының корпоративтік есепке алу саясатына/«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Есепке алу саясатына сәйкес дайындалған шоғырландырылған және жеке қаржы есептілігіне шолу жүргізу, сонымен қатар шолу бойынша ISRE 2410-ға сай есеп шығарылады;

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген нысандар бойынша (бұдан әрі – Қор пакеті) дайындалған 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде әрбір қаржы жылының 1 қаңтар мен 30 маусым аралығындағы шоғырландырылған қаржы есептілігінің пакетіне шолу жүргізу;

- 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде әрбір қаржы жылының 1 қаңтар мен 30 қыркүйек аралығындағы №34 ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған шоғырландырылған қаржы есептілігіне шолу жүргізу, сонымен қатар шолу бойынша ISRE 2410-ға сай есеп шығарылады;

- Қор пакетіне сәйкес дайындалған 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңнің жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігіне аудит жүргізу;

- 2022 жылдан бастап 2024 жылға дейінгі кезеңде әрбір қаржы жылының 31 желтоқсанда аяқталатын жағдай бойынша және жыл бойынша жеке және шоғырландырылған қаржы есептілігіне аудит жүргізу, сондай-ақ ХҚЕС-ке және ҚМГ компаниялар тобының корпоративтік есепке алу саясатына/ҚМГ Есепке

алу саясатына сәйкес дайындалған жеке және шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша жыл сайынғы аудиторлық есеп ұсыну;

- 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде әрбір қаржы жылының 31 желтоқсанда аяқталатын жағдай бойынша және жыл бойынша жеке және шоғырландырылған қаржы есептілігіне аудит жүргізу, сондай-ақ «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР заңына сәйкес ҚР уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік актісімен бекітілген тізбеге және нысандарға сәйкес жеке және шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша жыл сайынғы аудиторлық есеп ұсыну;

- бухгалтерлік және салық есебін жүргізу, есепті жылдың қаржылық есептілігі аудитінің нәтижелері бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне және ҚМГ басшылығына таныстырылым дайындау мәселелері бойынша консультацияларды қоса алғанда, ілеспе қызметтерін көрсету.

Өзекті қаржылық есептер мына [сілтеме](#) бойынша қолжетімді.

Сыртқы аудитордың 2020 және 2021 жылдары ҚМГ мен ҚМГ тобындағы компанияларға көрсеткен аудиторлық емес қызметтердің үлесі Сыртқы аудитор көрсеткен қызметтерге сыйақының жалпы сомасының, тиісінше, 9% және 4,9%-ды құрады.

Сыртқы аудитордың ҚМГ мен топтың компанияларына көрсеткен қызметтердің құны мен тізбесі туралы ақпарат мына [сілтеме](#) бойынша қолжетімді.